

¹Абдукадыров Н.М.  ²Сейдан З.С.  ³Мырзаханова Н.Р. 

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан

^{2,3}М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

¹E-mail: ¹nurjigit.85.kanuni@mail.ru, ²s.zami83@mail.ru, ³m.nazgul0374@mail.ru

ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ МЕН РЕСЕЙДІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДА СЕРБИЯ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. XIX ғасырда Осман империясының құрамында болған Балқан халықтарының тәуелсіздік мәселелері халықаралық деңгейге көтерілді. Солардың бірі сербтер болып Сербияның тәуелсіздігі жолында Ресей империясының саясаты маңызды роль иеленді. Серб мәселесі Осман империясының сыртқы саяси тарихын зерттеуде өзекті тақырыптардың қатарынан орын алады. Зерттеу жұмысының мақсаты – Осман империясында сербтердің бостандыққа жету мәселелері мен Сербияның тәуелсіздік алу жолында Ресей империясының саяси ықпалын зерттеу болып табылады. Міндеттері – Сербияның тәуелсіздігі үшін Осман империясы мен Ресей арасында орын алған саяси мәселелерге талдау жасалады және оның барысы мен нәтижелері көрсетіледі. Сонымен қатар, авторлар сербтердің тәуелсіздігі жолында Осман империясына Еуропадағы халықаралық саяси процестердің әсерін зерттейді. Зерттеу әдістері – тарих ғылымының дәстүрлі әдістері саналатын тарихи салыстырмалы, типологиялық, жүйелеу, құрылымдық әдістер және қазіргі кездегі пәнаралық әдістер негізінде XIX ғасырда Осман империясында сербтердің тәуелсіздікке ұмтылысы мен бұл мәселеде Ресейдің саяси ықпалына талдау жасалды. Зерттеудің жаңалығы – Осман империясы мен Еуропада Балқан мәселелері мен соның ішінде серб мәселесінің күшеюі және бұл мәселеге Ресейдің ықпалы әр түрлі факторлармен көрсетілді. Империялар арасында Сербия мәселесінің халықаралық деңгейде көтерілуі мен оның «Шығыс мәселесінің» аясында қарастырылуын зерттеуде бірқатар жаңа тарихи-саяси оқиғалар анықталды. Зерттеу нәтижелері – Ресейден бөлек Англия, Франция, Австро-Венгрия сияқты еуропалық империялардың Балқан халықтарына тәуелсіздік жолында саяси қолдауына тарихи баға берілді. Еуропалық империялардың серб мәселесін «Шығыс мәселесінің» аясында қарастыруы және Осман империясының халықаралық қатынастардағы орны айқындалды.

Кілт сөздер: Осман империясы, Ресей, Сербия, Шығыс мәселесі, Балқан халықтары, Тәуелсіздік.

Кіріспе

XIX ғасырдағы әлемдік империализм мен отарлау тарихын зерттеу қашан да болмасын тарих ғылымында күн тәртібінде тұрған тақырыптардың қатарында орын алып келеді. Оның ең өзекті тұстары әлемдік империялардың құлдырап оның орнына жаңа жас мемлекеттердің пайда болуы, әлем картасындағы өзгерістер, халықтардың тағдыры және осы секілді факторлар болып, олар дүние жүзі тарихының жаңа беттерін ашады. Осыған байланысты империялардың құлдырауы мен халықтардың тәуелсіздігін зерттеу ісі тарихшылардың назарын ұдайы өзіне аударып отыр. Осындай тақырыптардың бірі үш ғасырдан астам Осман империясының құрамында болған серб халқының тәуелсіздігі мен оның тәуелсіздікке қол жеткізуінде Ресей империясының саяси ролі болды. Тақырыптың өзектілігін құрап отырған негізгі фактор – XIX ғасырда Сербияның еуропалық империялардың назарына ілінуі және сербтердің Осман империясынан егемендік алу процесімен байланысты болып, ол негізінен «Шығыс мәселесінің» және басқа да халықаралық мәселелердің аясында жүзеге асырылды.

XIX ғ. еуропалық мемлекеттер арасында «Шығыс мәселесі» халықаралық деңгейге көтерілді. XVIII ғасырдың соңында Ұлы Француз революциясынан әсер алған Балқан халықтары, Осман империясынан тәуелсіздік алуға ұмтыла бастады. Мұндай қоғамдық-философиялық идеялар сербтерге де оң ықпал етті. XIX ғасырдың басынан бастап еуропалық империялар сербтердің қоғамында осман үкіметіне қарсы арандатушылық жұмыстар жүргізді. Мұндай жұмыстарды алғашқыда Англия, Австро-Венгрия сынды мемлекеттердің барлаушылары жүргізген болса, мұндай әрекеттер кейіннен орыстар тарапынан қолға алынды. Бұл кезде Балқандағы славян халықтарының қалыптасқан саясат Ресейді өзіне тартты. Православие дінін ұстанған және ұлты славян халықтарына Ресейдің қызығушылығы артып, ол бұл саясатын сербтерге дейін гректерге көрсеткен еді. Еуропалық империялар мен Ресейдің мақсаты сербтер мен өзге де Балқан халықтарына қолдау білдіріп, оларды өзіне тарту болды. Мұндай саясаттың жүзеге асырылуына «Шығыс мәселесі» маңызды орын иеленді (Anderson, 1966: 28-29 p.).

Өз кезегінде еуропалық державалар мен Ресейдің сербтер мен басқа да Балқан халықтарына қолдау көрсетудің негізінде «Шығыс мәселесі» өршіді. Ендігі кезекте, өзге еуропалық империялармен қатар сербтерге қолдау көрсетуде Ресей белсенділік таныта бастады. Сербияның тәуелсіздігі жолында Ресей мен Осман империясы арасында саяси бақталастық Осман империясы мен халықаралық қатынастар тарихы бойынша негізгі ғылыми тақырыптардың қатарында саналады. Екі империяның сербтер үшін талас-тартыстары жеке мәселе болып саналады.

Сонымен қатар, сербтерді және басқа да Балқан халықтарының саяси әрекеттерін қолдап, ол бойынша бірде Осман империясының, бірде Ресейге қолдау көрсетіп, өз бетінше белгілі бір деңгейде саяси ойын ойнап отырған Англия, Франция, Австро-Венгрия сынды өзге еуропалық империялардың саясаты да ерекше назар аударады. Аталған еуропалық империялардың мұндай әрекеттері осы аталып отырған «Шығыс мәселесі» бойынша негізгі факторлардың бірі болды. Алайда, «Шығыс мәселесі» бойынша жаңа зерттеулер мұндай пікірді теріске шығарды. Демек, «Шығыс мәселесінің» еуропалық империялар арасында орын алған халықаралық процесс екені анықталып, Ресей империясы да бұл процестің басты қатысушысы ретінде сипатталды. Ол серб мәселесінде анық көрінді. Соның негізінде бұл саяси процестің мән-мазмұнын анықтау мақсатында оны ғылыми зерттеудің қажеттігі туды (Stephen: 1970, 56-57 p.).

Сербтердің Осман империясынан тәуелсіздігін алу жолында Ресейдің саяси қызметін көрсету өз алдына жеке тақырыпты құрайды. Ресей империясы Осман билігінде болған сербтерді өзімен туысқан түбі бір, мәдениеті мен діні тамырлас халық болғандықтан оның тәуелсіздігін алуына барынша көмек беруге тырысты. Бұл жолда Ресей негізгі екі бағыттағы саясатты ұстанды. Мұнда біріншіден, осы мәселелерді алға тарта отырып, Ресей Сербияны Осман империясының уысынан шығарып алу болса, екіншіден осы істері арқылы басқа да Балқан халықтарына ықпал еткісі келді және ол бұл іске ашық кірісті. Бұл туралы қазіргі уақытта көптеп біржақты тұжырымдар жасалуда. Мұндай тұжырымдар тақырыптың маңызылығын көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми жұмыстың материалдық базасын құрайтын деректер әр түрлі болды. Олардың ең негізгілерін Түркияның Осман Архивінің (Başbakanlık Osmanlı Arşivi) материалдары құрайды. Осман архивінде XIX ғасырдан бастап Осман империясында Сербияның тәуелсіздік мәселелері және түріктердің Сербия үшін Еуропа елдерімен, Ресеймен саяси тартысқа түсуіне қатысты материалдар қамтылған (BOA, HR.MKT).

Келесі кезекте, зерттеу тақырыбының материалдық базасын толықтыратын мәліметтер ол құжаттар жинақтары болып саналады. Соның ішінде Сербияның тәуелсіздігі жолындағы саяси, дипломатиялық мәселелер бойынша жиналған ресейлік құжаттардың материалдық

мәні терең (Сборник договоров, 1952). Зерттеу тақырыбы халықаралық қатынастар мәселесіне арналғандықтан, онда осы бағыттағы құжаттар жинақтары қолданысқа тартылды. Мәселеге қатысты құжаттар жинақтары бойынша Ф. Мартенстің көптомдық құжаттар жинағының (Мартенс, 1888) материалдық құндылығы терең. Бұл құжаттар жинағында өзге империялармен және Осман империясымен саяси-дипломатиялық келісімдері туралы мәліметтер берілген.

Бұлардан тыс еуропалық тілдерде ағылшын, француз тарихшылары тарапынан жинақталған құжаттар жинақтары тақырыптың мазмұнын ашуға ерекше көмектесе алады (Recueil D'actes, 1978 а). Солардың бірі, Франция сыртқы істер министрлігі архивінің құжаттар жинағы болып табылады. Онда Сербияның «Шығыс мәселесі» бойынша ұйымдастырылған халықаралық конференциялар туралы көрсетіліп, онда Сербияның тәуелсіздігіне қатысты мәліметтер берілген (Recueil D'actes, 1978 b). Сонымен қатар, зерттеу жұмысында Ұлыбританияның сыртқы істер министрлігі құжаттарының жинақтары да қолданысқа енді. Солардың бірі «Сыртқы істер жөніндегі британдық құжаттар» деп аталатын (British Documents, 1984) көптомдық құжаттар жинағы болды. Оның негізгі бөлігін елшілер мен дипломаттардың хаттары мен Британ сыртқы істер министрлігіне берілген есептер құрайды. Құжаттар жинағында Ресейдің Сербияға қатысты саясатына қатысты материалдар берілген.

Ғылыми мақаланы жазуда тақырыптың теориялық және методологиялық негізін қазіргі кезде тарих ғылымында қалыптасқан тұжырымдамалар құрайды. Зерттеу тақырыбы бойынша шетелдік тарихнамада жүргізілген зерттеулер арасында концептуалдық мәселелер көп. Мұндай мәселелер тақырыптың методологиялық мәселелерін арттырады. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында ғылыми-зерттеудегі тарихи-салыстырмалылық, тарихи типологиялық, сипаттау, ғылыми талдау мен синтез және тарихи жүйелеу әдістері пайдаланылды. Оның негізінде Ресейдің сербтерге ықпалы мен Осман империясы мен Ресей арасындағы халықаралық мәселелерге қатысты факторлар анықталды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында тарих ғылымының тарихилық, жан-жақтылық, объективтілік және жүйелілік принциптері басшылыққа алынды. Тарихилық принципі арқылы түрлі деректерге сүйене отырып Осман империясының Сербия үшін Ресеймен арада туған саяси мәселелерді тарихи тұрғыдан терең қарастырып, соның негізінде көптеген жаңа факторларды нақтылау мүмкіндігі пайда болды.

Талқылау

Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми мәселелермен негізінен еуропалық, ресейлік және түрік зерттеушілер айналысқан. Ресей мен Осман империясының арасындағы серб мәселесінің Шығыс мәселесінің аясында арнайы тақырып ретінде аз көтерілген. Дегенмен, Балқан тарихы және Шығыс мәселесінің тарихымен айналысушы ғалымдардың зерттеулерінде серб мәселесі де назардан тыс қалмаған. Бұл тақырыпта ресейлік балқантанушылар Т.Н. Гелла, В.Н. Виноградов және И.В. Крючков сынды ғалымдар зерттеу жүргізіп, олар өз еңбектерінде (Гелла, 2000) XIX ғасырдағы Ресей империясының Балқандағы саясатын зерттеді (Виноградов, 2005). Аталған зерттеушілердің еңбектерінде XIX ғасырдың 70-жылдары «Шығыс мәселесіне» байланысты туындаған халықаралық жағдайдың шиеленісуі кезінде Осман империясының еуропалық империялардың қысымына қарамастан, Балқандағы өзінің территорияларын қолында ұстап қалу үшін жүргізген әрекеті мен оған қатысты Ресейдің саясаты (Крючков, 2001) көрсетіледі.

Мәселеге қатысты түркиялық тарихшылар да зерттеу жүргізіп, тұжырымдар жасаған. Олардың арасынан Х. Тунжер, С. Асланташ, Ч.Бөрекчи, А. Өзкан және басқа да ғалымдардың еңбектері маңызды орынға ие. Түркиялық ғалымдар көбінесе Осман империясынан Балқан халықтарының тәуелсіздік алу процесіне назар аударып (Tuncer, 2013), оның себептерін еуропалық державалардың күшеюімен және Осман мемлекетінің

әлсіреуімен түсіндіреді (Aslantaş, 2007). Сонымен бірге Ресей империясының Балқан халықтары мен оның ішінде әсіресе сербтердің тәуелсіздігіне үлкен үлес қосқанын (Börekçi, 2001), оларға саяси, діни, идеологиялық және моральдық қолдау білдіргенін көрсетеді (Özkan, 2013). Тақырып бойынша басқа да шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде ғылыми тұжырымдар келтірілді. Олардың ең негізгілері ретінде Б.Йелавич, Р.Лаффан, Д.Маккензи және басқалар болды. Аталған зерттеушілер Балқанда қалыптасқан халықаралық жағдайды (Jelavich, 2001) ғылыми негіздемеге ала отырып, Ресейдің саясатын көрсетеді. Ресей империясының сербтерге қолдау көрсетуін зерттеп (Laffan, 1918), бұл саясатта Православие, Панславизм идеяларын алға тартады (Mac Kenzie, 1967).

Сонымен қатар, тарихнамалық мәселелер көбінесе әр елдің ғалымдарының біржақты тұжырымдарынан және бұл тақырыппен тарихшылар ғана емес басқа ғылым салаларының саясаттанушылар, аймақтанушылар, балқантанушылар және басқа да сала мамандарының айналысуынан туындап отыр. Мұндай ізденістер өз кезегінде тақырыптың концептуалды мәселелерін арттырады және өткен саяси процесті түбегейлі қазіргі заманғы методология мен жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеуді талап етеді.

Нәтижелер

Жоғарыда аталғандай, Сербияның Осман империясынан тәуелсіздік алу жолында болып өткен саяси процестердің басым бөлігі «Шығыс мәселесінің» аясында өрбіді. XVIII ғасырдың соңына таяу Францияда орын алған революциялық жағдайдан соң билікке келген Наполеон Бонапарт XIX ғасырдың басында Еуропа мемлекеттеріне және Осман империясына қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. Сонымен бірге, отарлар иеленген империялардың құрамындағы халықтардың арасында тәуелсіздік алу идеясын таратып, түрлі үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастырды. Осылайша, Наполеон Бонапарт Осман империясының Балқан провинцияларындағы халықтардың санасында тәуелсіздік идеясын ояту жұмыстарын жүргізді. Бұл жағдай аз процесті қамтығанмен француз тарихымен және серб мәселесіне қатысты мәліметтер бере алады. Соның негізінде ол «Шығыс мәселесінің» тууы мен дамуына себепкер болды. Дәлірек айтқанда бұл идея бүкіләлемдік империализм дамып жатқан тұста империялардың бағындырған халықтарының арасында іріткі салды (Zhmagulov, Abdukadyrov, 2015: 138). Наполеонның мұндай әрекеттері еуропалық империяларға ұнамады.

1801-1802 жылдары француз тыңшылары Балқандағы Осман империясының өзге де провинцияларында революциялық идеяларды таратып, арандатушылық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Оның ішіндегі ең ірі объекті Сербия болды. Мұндай саясат негізінен австриялық дипломаттар мен тыңшылар тарапынан ойластырылып жүргізілген еді (Uygun, 2011: 418-419). Сербтердің алғашқы кезде француздардың идеяларын қабыл алып, алайда олардың Францияға емес Австрияға қосылуға дайын болуының себептері көп болды. Біріншіден, олар Наполеонның шырмауына түсіп қалудан сескенді. Екіншіден, сербтердің осман үкіметіне қарсы шығуға саяси-әскери күші жетпейтін еді және ол үшін Австриямен қосылу тиімді деп тапты. 1804 жылы Белград пашалығында сербтердің көлемді түрде ұйымдастырған көтерілісі орын алды. Мұны тарихшылар «Бірінші серб көтерілісі» деп те атап жүр. Көтерілісті сербтердің жергілікті княздерінің бірі Георгий Петрович Карагеоргий басқарды (Белов, 2004: 7-11).

Бұл көтеріліс келесі жылдары да өз жалғасын тауып отырды, ол осы жылдан бастап 1812 жылы орыс-түрік соғысына дейін толастамады. 1805 жылы сербтер жергілікті осман билігіне қарсы тағы бір көтеріліс ұйымдастырып, алайда ол күшпен басылып тасталды. Осыдан соң, серб басшылары сырттан көмек қажет екендігін түсініп, олар бұл көмекті әуелде Австриядан іздеген болса, ендігі кезекте Ресейге қарай мойын бұра бастады. Осыдан көп ұзамай, олар жасырын түрде Ресейге өз адамын жібереді де онда сербтердің Осман империясынан тәуелсіздік алуында Ресей үкіметінен көмек сұрайтынын білдіреді. Алайда,

бұл кезде Ресейден тиісті қолдау бірден көрсетілмеді (Aslantaş, 2009: 111-112). Себебі, Еуропада әлі саяси жағдай тұрақсыз болып, бүкіл Еуропа Наполеонның басқыншылығынан құтылудың жолын іздестіруде еді. Дегенмен, Ресей билігі сербтердің саяси жағдайына көңіл аударатынын білдірді.

Осылайша, Еуропада сербтердің тәуелсіздігіне шынайы ықылас танытқан Австрия мен Ресей болды. Салыстырмалы түрде қарағанда екі империяның сербтерге қолдау білдірудегі саясаты екі түрлі болды. Австрия сербтерге қолдау білдіре отырып, оны Осман империясынан бөліп алып, болашақта өзінің провинциясына айналдыруды көздеді. Ал, Ресейдің де империялық мақсаттары болды. Ресей империясының сербтердің тәуелсіздігі үшін қолдау көрсетуге дайын болуының басты себептері – Балқандағы халықтар Христиан дінінің Православ бағытын ұстанатын еді және олар славян тілдес туыс халықтар болды. 1807 жылы осындай мақсатпен Ресей үкіметі сербтерге өз өкілін жіберіп, екі жақ арасында кішігірім уақытша келісімшарт қабылданды. Бұл келісімшартқа байланысты, Ресей сербтердің тәуелсіздік үшін жасаған көтерілістерін толық қолдайтынын білдірді. Бұдан масаттанған сербтер тәуелсіздік үшін күресті жалғастыратын болды (Грачев, 2003:12-14).

Ресейдің сербтерге қолдау білдіруіне және оларды түрік билігіне қарсы айдап салуға себеп болған негізгі факторлардың бірі – 1806-1812 жылдары болған орыс-түрік соғысы болды. 1806 жылы сұлтан III Селім Наполеонның императорлық титулын мойындады. Бұл жағдай Еуропа мемлекеттерінің, сонымен бірге Ресейдің қатты наразылығын тудырды. Осман империясының Наполеонмен табысуы әсіресе Ресеймен байланыстарды қатты шиеленістіріп жіберді. Бұл жағдай 1806-1812 жылдары болған орыс-түрік соғысының басталуының негізгі себептерінің бірі болды. Бұл соғыс өз алдына Молдова мен Валахияға қатысты туындап, сонымен бірге соғыс барысында сербтерге де қатысты саяси тақырыптар орын алады. Оның басты мысалдары соғыс кезінде сербтердің осман үкіметіне қарсы жасалған көтерілістеріне Ресей тарапынан толық қолдау көрсетілді (Zhumagulov, Abdukadyrov, 2015: 139).

Сербтер осы кезде Белград қаласы мен Богурделен камалында ірі көтерілістер ұйымдастырды. Бұл қала мен камал Осман империясының Сербиядағы ең ірі пункттердің бірі еді. Билік тиісті шаралар ұйымдастыруға шешім қабылдады (ВОА, НАТ 148/6244.). Осы уақытта сербтердің тәуелсіздік алуы ісінде жасаған көтерілістері Ресей билігі үшін өте тиімді болды. Өз кезегінде, сербтер осы 1806-1812 жж. орыс-түрік соғысында Ресейге жақтасып, мұны Балқандағы өзге де славян халықтарына да үгіттеді. Ресей Сербияға өз өкілдерін жіберді. Сербия жеріне орыс әскерилері келіп, Георгий Петровичті өзіне тартты. Осман билігі сербтер мен орыстар арасындағы байланыстарды дұшпандық пиғылда қабылдаған жоқ (ВОА, НАТ, D 982/41642). 1806-1812 жж. орыс-түрік соғысынан кейін қабылданған Бухарест келісінде Ресей империясы түріктерден серб мәселесін қарастырып, онда сербтерге кешірім беру талабын қойды. Сонымен бірге Сербияға өзін-өзі басқару құқығы берілетін болды (Jelavich, 2004: 201). Осман билігі Ресейдің бұл талаптарын қабыл алды.

Сербтердің кезекті көтерілісі 1815 жылы басталды. Алайда, Ресей 1812 жылғы Бухарест келісін бұзғысы келмеді. Осман империясы да келісімге берік болды. Сондықтан, бұл көтеріліс Ресейге және Осман империясына да ұнамады. Олар тіпті Милош Обреновичтің әрекеттеріне мән бермеді. Милош Обренович Сербия территориясында жиі-жиі тәуелсіздік акцияларын ұйымдастырып, алайда ол осман үкіметі тарапынан бастырылып отырды. Дегенмен сербтерді тасада қалдырғысы келмеген Ресей үкіметі Сербияға Долгорукин есімді өкілін жіберіп, олар Милош Обренович бастаған серб көсемдерімен келіссөздер жүргізді. Соның нәтижесінде Милош Обренович Ресейдің қолдауына ие болды (Матвеев, Ненашева, 2001: 418). Сербияның Ресеймен жақындасуы Осман империясын әбігерге салды.

Келесі бір маңызды фактор – бұл кезде Ресей билігі мен қоғамында славянофильдік қауымдар пайда болып, оларда славян бірлігін құру идеясы басшылыққа алынды, ол кейіннен үлкен халықаралық деңгейдегі идеологияға айналды. Панславизм идеологиясы

Ресейді сербтерге және Балқандағы басқа да славян халықтарына қарай жақындатты. Бұл саясат Осман империясы мен Ресей арасында ұзаққа созылған соғыс жағдайларына алып келді. Панславизм идеологиясы мен Православиелік діни саясаты Ресей империясының Сербияға қарай бағытталған негізгі саясаты болды. Бұл екі идеологиялық бағыт тек сербтерге ғана емес, сонымен бірге Осман империясының құрамында болған басқа да Балқан халықтарына қарай бағытталды.

Бұдан соң XIX ғ. 20-жылдары Ресей мен Осман империялары арасында Сербия үшін болған саяси тартыс қайта басталды. Оның себебі Осман империясы Бухарест келісіміндегі сербтерге қатысты талаптарды орындамады. Бұл мәселелер ақыры 1826 жылғы Ақкерман келісінде өз шешімін тапты. Ақкерман келісімі (Recueil D'actes, 1978 а: 125) Сербияның өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі болды. 1812 жылы Бухарест келісінде қабылданған өзін-өзі басқару шарттары толық жүзеге асырылмауына байланысты ол Ақкерман конвенциясында толықтай қайта қаралды. Сұлтан II Махмұт бұл келісімді қабылдап, алайда көп ұзамай 1827 жылы оның жойылғанын жариялады. Ақкерман келісімінің жойылуына байланысты өзге келісімдермен бірге сербтерге де қатысты болған шарттар өз күшін жойды. Бұл жағдай Осман империясы мен Ресей арасында келесі бір соғыс факторының тууына алып келді. Империялар арасындағы кезекті бір соғыс 1828-1829 жылдары болып, ол негізінен «Шығыс мәселесінің» қызған тұсында орын алды. Бұл соғыстың басты себептері Грекияның тәуелсіздігі мен Ақкерман конвенциясының жүзеге асырылмауымен байланысты болды. Ақыры, бір жарым жылға жуық уақытқа созылған бұл соғыстан кейін 1829 жылы жасалған Адрианополь келісінде сербтерді автономиялық басқару мәселесі көтеріліп, алайда ол толық автономия бола алмады және Осман империясына төленетін салық тоқтатылмай, сол қалпында сақталды.

Келесі кезекте серб мәселесі Қырым соғысы кезінде де көтерілді. Бұл кезде Австрияның мұндай әрекеттерінен қауіптенген Ресей империясы Сербиядағы сыртқы саяси әрекеттерін жалғастырды. Мұнда Ресейдің Белградтағы консулы Н.Я. Мухин белсенді әрекеттер жүргізді. Н.Я. Мухин Белградта Қырым соғысының аяқталуында дейін дипломатиялық қызметте болып, Сербияны өз жағына тартумен шұғылданды (Йованович, 2011:78). 1853-1856 жылдары Қырым соғысында Ресей жеңіліске ұшыраған соң, оның Балқан елдерінің саяси істеріне араласу әрекеттері біраз уақытқа саябырсыды. Алайда, Қырым соғысы Сербия үшін сәтсіз және тиімсіз болды. Себебі, бұл соғыста Ресей жеңіліске ұшырады және бұл жағдай біраз уақытқа керіге қалдырылды. Осыдан соң, Ресей үшін серб мәселесі біраз уақытқа шегерілді.

XIX ғасырдың 70-жылдары Осман империясында Ресей Балқан мәселелеріне араласуға қайта белсенділік таныта бастады. Бұл кезде Осман империясында Балқан мәселесі халықаралық қатынастарда «Шығыс мәселесінің» үлкен факторларының біріне айналып, Осман империясы мен өзге еуропалық империялар арасында саяси қарама-қайшылықтар күшейді. Әрқашан Ресейге арқа сүйеген Сербия осман үкіметіне қарсы ашық соғыстарға шыға бастады. 1876 жылы Босния және Герцеговинада (British Documents, 1984: 272-275) шыққан азаттық көтерілістерді басу үшін және ол территорияларды өзіне қосып алу мақсатында, Сербия осман үкіметіне талап қойды. Алайда, мұндай ауыр талапқа осман үкіметі күшпен жауап қайтарды. Оған қарсы Сербия мен Черногория бірікті және Ресей империясының саяси қолдауына ие болып, соның арқасында Осман империясына қарсы соғыс жариялады.

Алайда, соғыста Сербия жеңіліске ұшырап, 1876 жылы 24 тамызда еуропалық империялардан саяси және экономикалық қолдау сұрайды. Осы кезде Ұлыбританияның Осман империясындағы елшісі Г. Эллиот Осман империясынан Босния және Герцеговина мен Болгарияға автономия беруді, сондай-ақ, Сербия мен Черногорияның бұрынғы күйінде қалуын сұрап өтініш білдіреді. Алайда, бұл өтініштер толығымен орындалмайтын болып шешілді.

Осман империясының мұндай әрекеттері тек Ресей ғана емес, бүкіл еуропалық империяларды алаңдатты. Осыған орай Балқан мәселелеріне арнап, халықаралық конференциялар шақырылды. Оның ішінде серб мәселесі де қарастырылды. Балқан мәселесіне арнап ұйымдастырылған халықаралық жиындар, яғни 1876 жылғы Ыстамбұл конференциясы, 1877 жылғы Лондон конвенциясы ешбір пайда бермеді. Осман империясы өзінің саяси ұстанымынан кері шегінген жоқ (Recueil D'actes, 1978 b:400-402).

Осыдан соң барып ақыры мәселені соғыспен шешу керек болды. Англия мен Австро-Венгрия Ресейді Осман империясына соғысқа айдап салды. Бұл 1877-1878 жылдары болған орыс-түрік соғысы еді. Тарихта «93-соғыс» деп аталатын бұл соғыста Осман империясы ауыр жеңіліске ұшырады. 1878 жылы наурыз айында болған Сан-Стефано келісімі бойынша сербтерге тәуелсіздік берілді (Мартенс, 1888: 639-640). Бірақ, бұл келісімде Ресей өз жағынан шектен тыс талаптарының нәтижесінде Балқанда үстемдік құрғысы келді және Жерорта теңізіне шығу мүмкіндігіне ие болғандықтан ол басқа империяларға ұнамады. Сондықтан Сан-Стефано келісімін қайта қарау үшін герман канцлері Отто фон Бисмарктің бастамасымен Берлинде халықаралық конгресс ұйымдастырды. Берлин конгресінде Сербияның тәуелсіздігі түбегейлі шешілді. Конгрестің шешімі бойынша ғасырлар бойына Осман империясының құрамында болған Сербия тәуелсіздікке қол жеткізді (Дебидур, 1995:459-465). Сонымен, XIX ғасырда бір ғасырға жуық уақытқа созылған Осман империясы мен Ресей арасындағы сербтердің дербестігі мен тәуелсіздігі мәселелері өзінің шешімін тауып, ол Осман империясының тарихы және халықаралық қатынастар тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі ретінде тарихқа енді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда сербтердің Осман империясынан толық тәуелсіздігін алу процесі XIX ғасырдың басында басталып, ол 70 жылдан астам уақытты қамтыды. Сербия провинциясы Осман империясы үшін әрқашан мәселесі көп болған аймақ саналды. Ресей Сербия мен Балқандағы өзге халықтардың тағдыры үшін Осман империясымен сан рет соғысты. Империялар арасында қаншама саяси кикілжіңдер мен геосаяси тартыстар орын алды. Өз кезегінде Осман империясы да өзінің территорияларын уысынан оңай ғана шығармайтынын көрсете алды. Жаңа заманда өзін славян әлемінің лидері екенін көрсеткен Ресей империясы Сербияның тәуелсіздігі үшін Осман империясынан бөлек өзге империялармен де бақталастыққа түсіп отырды. Соның арқасында ол сербтердің саяси өміріне үлкен өзгеріс алып келді. Сонымен қатар, Ресей сербтерден тыс болгарлардың, румындардың және басқа да халықтардың тәуелсіздігіне ерекше ықпал етті. Осының негізінде XIX-XX ғасырлардың тоғысында Ресей Балқандағы позициясын тіктеп алды және Балқан халықтарын Осман империясының билігіне қарсы қою саясатын жалғастырды. Сербияның тәуелсіздігі «Шығыс мәселесі» деген халықаралық «ойынның» үлкен бір факторы саналып, ол Осман империяның құлдырауының үлкен бір дәлелі ретінде сипатталды.

Әдебиеттер:

- Белов, 2004 – *Белов М.В.* Восстание 1804-1813 годов и развитие сербской национальной идеи // Славяноведение. 2004. № 2. С. 3-17.
- Виноградов, 2005 – *Виноградов В.Н.* Балканская эпопея А. Горчакова. Москва: Наука 2005. 302 с
- Гелла, 2000 – *Гелла Т.* Балканы 70-х годов XIX века в общественном мнении России и Великобритании // Проблемы славяноведения. 2000. №2. С. 71-81.
- Грачев, 2003 – *Грачев В.П.* Сербь и черногорцы в борьбе за национальную независимость и Россия. (1805-1807 гг.). Москва: Институт славяноведения РАН, 2003. 280 с.
- Дебидур, 1995 – *Дебидур А.* Дипломатическая история Европы. От Венского до Берлинского конгресса (1814-1878). Ростов на Дону: Феникс, 1995. Т.2. 603 с.

Йованович, 2011 – *Йованович М.* Между одноплеменностью и враждой: Сербия и Россия в 1804–1878 гг. – политика, традиция и перцепция. // Славянский альманах 2011. С. 64-85

Крючков, 2001 – *Крючков И.В.* Венгрия и славянский мир в последней трети XIX-начале XX вв. Ставрополь: Издательство СГУ, 2001. 340 с.

Мартенс, 1888 – *Мартенс Ф.Ф.* Собрание Трактатов и Конвенций, заключенных Россией с иностранными державами. Санкт-Петербург: Тип. М-ва Путей Сообщения 1888. 747 с.

Матвеев, Ненашева, 2001 – *Матвеев Г.Ф., Ненашева З.С.* История южных и западных славян: Том 1. Средние века и Новое время. 2-е изд. Москва: Изд-во МГУ, 2001. 692 с.

Сборник договоров, 1952 – Сборник договоров России с другими государствами (1856-1917). Москва: Гос. издательство политической литературы 1952. 463 с.

Anderson, 1966 – *Anderson M.S.* The Eastern Question, 1774-1923. New-York: St. Martin's Press 1966, 435 p.

Aslantaş, 2009 – *Aslantaş Selim.* "Sırp İsyanının Uluslararası Boyutu (1804-1813)", // Uluslararası İlişkiler, 2009. №21, S. 109-136

Aslantaş, 2007 – *Aslantaş Selim.* Osmanlı'da Sırp İsyanları. İstanbul: Kitap Yayın, 2007. 248 s

BOA – BOA, HR.MKT. [Başbakanlık Osmanlı arşivi, Hariciye Nezareti, Mektubi Kalemi]. [in Turk].

BOA – BOA, HAT. [Başbakanlık Osmanlı arşivi, Hatt-ı Hümayûn]. [in Turk].

Börekçi, 2001 – *Börekçi, M. Çetin.* Osmanlı imparatorluğu'nda Sırp meselesi. – İstanbul: Kutup Yıldızı Yayınları, 2001. 199 s.

British Documents, 1984 – British Documents on Foreign Affairs: Reports and Papers from the Foreign Office Confidential Print, The Ottoman Empire. General Ed. Kenneth Bourne and Cameron Watt. Maryland: University Publications of America. 1984. Vol.2.385 p.

Jelavich, 2004 – *Jelavich B.* Russia's Balkan Entanglements 1806-1914. Cambridge University Press, 2004. 308 p

Laffan R.G.D., 1918 – The Serbs The Guardians of the Gate. New York: Clarendon Press, 1918. 299 p.

Mac Kenzie, 1967 – *Mac Kenzie David.* The Serbs and Russian Pan-Slavism, 1875-1878. Cornell University Press, 1967. 365 p

Özkan, 2013 – *Özkan Ayşe.* Bağımsızlıktan Sırp-Hırvat-Sloven Krallığı'na Sırlar (1878-1918). İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık 2013, 423 s.

Recueil D'actes, 1978 a – *Recueil D'actes Internationaux de L'Empire Ottoman.* Recueillis et Publies par Gabriel Effendi Noradounghian. Liechtenstein: Kraus-Thomson Organization, 1978, Vol 2. 453 p.

Recueil D'actes, 1978 b – *Recueil D'actes Recueil D'actes Internationaux de L'Empire Ottoman.* Recueillis et Publies par Gabriel Effendi Noradounghian. Liechtenstein: Kraus-Thomson Organization, 1978, Vol 3. 603 p.

Stephen, 1970 – *Stephen Pierce Hayden Duggan.* The Eastern Question: A Study in Diplomacy. New York: AMS Press. 1970. 166 p.

Tuncer, 2003 – *Tuncer Hüner.* "Doğu sorunu" ve büyük güçler (1853-1878): Osmanlı'nın kader yılları. Ankara. ÜMİT, 2003. 185 s

Uygun, 2011 – *Uygun Süleyman.* Sırp isyani ve Hurşid Ahmet Paşa // The Journal of International Social Research. 2011, №17, S. 416-436

Zhumagulov, Abdukadyrov, 2015 – *Zhumagulov K., Abdukadyrov N.* Role of France in Solution of the "Eastern Questions" and Its Influence on Ottoman-French Relations (XVIII-XIX). // Review of European Studies. 2015. Vol. 7, № 6. P. 138-145

References:

- Anderson, 1966 – *Anderson M.S.* The Eastern Question, 1774-1923. New-York: St. Martin's Press 1966, 435 p.
- Aslantaş, 2009 – *Aslantaş Selim*. "Sırp İsyanının Uluslararası Boyutu (1804-1813)", // Uluslararası İlişkiler, 2009. №21, S. 109-136. [in Turk].
- Aslantaş, 2007 – *Aslantaş Selim*. Osmanlı'da Sırp İsyanları. İstanbul: Kitap Yayın, 2007. 248 s. [in Turk].
- Belov, 2004 – *Belov M.V.* Vosstanie 1804-1813 godov i razvitie serbskoj nacional'noj idei // Slavyanovedenie. [The Uprising of 1804-1813 and the Development of the Serbian National Idea.] 2004. №2. S. 3-17. [in Rus].
- BOA – BOA, HR.MKT. [Başbakanlık Osmanlı arşivi, Hariciye Nezareti, Mektubi Kalemi]. [in Turk].
- BOA – BOA, HAT. [Başbakanlık Osmanlı arşivi, Hatt-ı Hümayûn]. [in Turk].
- Börekçi, 2001 – *Börekçi, M. Çetin*. Osmanlı imparatorluğu'nda Sırp meselesi. – İstanbul: Kutup Yıldızı Yayınları, 2001. 199 s.
- British Documents, 1984 – British Documents on Foreign Affairs: Reports and Papers from the Foreign Office Confidential Print, The Ottoman Empire. General Ed. Kenneth Bourne and Cameron Watt. Maryland:University Publications of America.1984. Vol.2. 385 p.
- Gella, 2000 – *Gella T.* Balkany 70-h godov XIX veka v obshchestvennom mnenii Rossii i Velikobritanii [The Balkans of the 1870s in Public Opinion in Russia and Great Britain]. // Problemy slavyanovedeniya. 2000. №2. S. 71-81. [in Rus].
- Grachev, 2003 – *Grachev V.P.* Serby i chernogorcy v bor'be za nacional'nuyu nezavisimost' i Rossiya. (1805-1807 gg.). [The Serbs and Montenegrins in the Struggle for National Independence and Russia. (1805-1807)]. Moskva: Institut slavyanovedeniya RAN, 2003. 280 s. [in Rus].
- Debidur, 1995 – *Debidur A.* Diplomaticeskaya istoriya Evropy. Ot Venskogo do Berlinskogo kongressa (1814-1878). [The Diplomatic History of Europe. From the Vienna to the Berlin Congress (1814-1878)]. Rostov na Donu: Feniks, 1995. T.2. 603 s. [in Rus].
- Jelavich, 2004 – *Jelavich B.* Russia's Balkan Entanglements 1806-1914. Cambridge University Press, 2004. 308 p
- Jovanovich, 2011 – *Jovanovich M.* Mezhd u odnoplemennost'yu i vrazhdoj: Serbiya i Rossiya v 1804-1878 gg. – politika, tradiciya i percepciya. [Between Tribalism and Enmity: Serbia and Russia in 1804-1878 – Politics, Tradition, and Perception]. // Slavyanskij al'manah 2011. S. 64-85. [in Rus].
- Kryuchkov, 2001 – *Kryuchkov I.V.* Vengriya i slavyanskij mir v poslednej treti XIX-nachale XX vv. [Hungary and the Slavic World in the Last Third of the 19th and Early 20th Centuries]. Stavropol': Izdatel'stvo SGU, 2001. 340 s. [in Rus].
- Laffan R.G.D., 1918 – *The Serbs The Guardians of the Gate*. New York: Clarendon Press, 1918. 299 p.
- Mac Kenzie, 1967 – *Mac Kenzie David*. The Serbs and Russian Pan-Slavism, 1875-1878. Cornell University Press, 1967. 365 p
- Martens, 1888 – *Martens F.F.* Sobranie Traktatov i Konvencij, zaklyuchennyh Rossiej s inostrannymi derzhavami. [Collection of Treaties and Conventions concluded by Russia with foreign powers]. Sankt-Peterburg: Tip. M-va Putej Soobshcheniya 1888. 747 s. [in Rus].
- Matveev, Nenasheva, 2001 – *Matveev G.F., Nenasheva Z.S.* Istoriya yuzhnyh i zapadnyh slavyan: Tom 1. Srednie veka i Novoe vremya. 2-e izd. [History of the Southern and Western Slavs: Volume 1. Middle Ages and Modern Times]. Moskva: Izd-vo MGU, 2001. 692 s. [in Rus].
- Özkan, 2013 – *Özkan Ayşe*. Bağımsızlıktan Sırp-Hırvat-Sloven Krallığı'na Sırplar (1878-1918). İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık 2013, 423 s. [in Turk].

Recueil D'actes, 1978 a – *Recueil D'actes Internationaux de L'Empire Ottoman*. Recueillis et Publies par Gabriel Effendi Noradounghian. Liechtenstein: Kraus-Thomson Organization, 1978, Vol 2. 453 p.

Recueil D'actes, 1978 b – *Recueil D'actes Internationaux de L'Empire Ottoman*. Recueillis et Publies par Gabriel Effendi Noradounghian. Liechtenstein: Kraus-Thomson Organization, 1978, Vol 3. 603 p.

Sbornik dogovorov, 1952 – *Sbornik dogovorov Rossii s drugimi gosudarstvami (1856-1917)*. [Collection of Treaties of Russia with Other States (1856-1917)]. Moskva: Gos. izdatel'stvo politicheskoy literatury 1952. 463 s. [in Rus].

Stephen, 1970 – *Stephen Pierce Hayden Duggan*. The Eastern Question: A Study in Diplomacy. New York: AMS Press. 1970. 166 p.

Tuncer, 2003 – *Tuncer Hüner*. “Doğu sorunu” ve büyük güçler (1853-1878): Osmanlı'nın kader yılları. Ankara. ÜMİT, 2003. 185 s. [in Turk].

Vinogradov, 2005 – *Vinogradov V.N. Balkanskaya epopeya A. Gorchakova*. [The Balkan Epic by A. Gorchakov]. Moskva: Nauka 2005. 302 s [in Rus].

Uygun, 2011 – *Uygun Süleyman*. Sırp isyani ve Hurşid Ahmet Paşa // The Journal of International Social Research. 2011, №17, S. 416-436. [in Turk].

Zhumagulov, Abdukadyrov, 2015 – *Zhumagulov K., Abdukadyrov N. Role of France in Solution of the “Eastern Questions” and Its Influence on Ottoman-French Relations (XVIII-XIX)*. // Review of European Studies. 2015. Vol. 7, № 6. P. 138-145

¹Абдукадыров Н.М. ²Сейдан З.С. ³Мырзаханова Н.Р.

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

^{2,3}Таразский университет М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

¹E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru, ²s.zami83@mail.ru, ³m.nazgul0374@mail.ru

СЕРБСКИЙ ВОПРОС ВО ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКЕ ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ И РОССИИ

Аннотация. В XIX веке вопросы независимости балканских народов, входивших в состав Османской империи, вышли на международный уровень. Одним из них были сербы, и политика Российской империи сыграла важную роль в независимости Сербии. Сербский вопрос является одной из актуальных тем в изучении истории внешней политики Османской империи. *Целью* – научной работы является изучение вопросов обретения независимости сербами в Османской империи и политического влияния Российской империи на независимость Сербии. *Задачи:* проанализировать политические вопросы, возникшие между Османской империей и Россией за независимость Сербии и показать его ход и результаты. Кроме того, авторы изучают влияние международных политических процессов в Европе на независимость сербов в Османской империи. *Методы исследования* – на основе традиционных методов исторической науки, историко-компаративного, типологического, систематизации, структурного методов, а также современных междисциплинарных методов проанализировано сербское стремление к независимости в Османской империи в XIX веке и политическое влияние России на этот вопрос. Научная *новизна* исследования заключается в том, что балканские вопросы в Османской империи и Европе, в том числе обострение сербского вопроса, и влияние России на этот вопрос были показаны различными факторами. Изучение подъема сербского вопроса среди империй на международном уровне и его рассмотрение в рамках «Восточного вопроса» выявило ряд новых исторических и политических событий. *Результаты* исследования помимо России дана историческая оценка политической поддержке балканских народов на пути к независимости такими европейскими империями, как Англия, Франция, Австро-Венгрия. Определено рассмотрение сербского

вопроса европейскими империями в рамках «Восточного вопроса» и место Османской империи в международных отношениях.

Ключевые слова: Османская империя, Россия, Сербия, Восточный вопрос, балканские народы, Независимость.

¹Abdukadyrov N.M. ²Seidan Z.S. ³Myrzakhanova N.R.

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

^{2,3} M.Kh. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan

¹E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru, ²s.zami83@mail.ru, ³m.nazgul0374@mail.ru

THE SERBIAN QUESTION IN THE FOREIGN POLICY OF THE OTTOMAN EMPIRE AND RUSSIA

Abstract. In the 19th century, the issues of independence of the Balkan peoples that were part of the Ottoman Empire reached the international level. One of them were the Serbs, and the policy of the Russian Empire played an important role in the independence of Serbia. The Serbian question is one of the topical issues in the study of the history of the foreign policy of the Ottoman Empire. The *purpose* – of the scientific work is to study the issues of gaining independence by the Serbs in the Ottoman Empire and the political influence of the Russian Empire on the independence of Serbia. *Objectives:* to analyze the political issues that arose between the Ottoman Empire and Russia for the independence of Serbia and to show its course and results. In addition, the authors study the influence of international political processes in Europe on the independence of the Serbs in the Ottoman Empire. *Research methods* - based on traditional methods of historical science, historical-comparative, typological, systematization, structural methods, as well as modern interdisciplinary methods, the Serbian desire for independence in the Ottoman Empire in the 19th century and Russia's political influence on this issue are analyzed. The scientific *novelty* – of the study lies in the fact that the Balkan issues in the Ottoman Empire and Europe, including the aggravation of the Serbian question, and Russia's influence on this issue were shown by various factors. The study of the rise of the Serbian question among empires at the international level and its consideration within the framework of the "Eastern Question" revealed a number of new historical and political events. *Results* - the study, in addition to Russia, provides a historical assessment of the political support of the Balkan peoples on the path to independence by such European empires as England, France, Austria-Hungary. The consideration of the Serbian question by European empires within the framework of the "Eastern Question" and the place of the Ottoman Empire in international relations are determined.

Key words: Ottoman Empire, Russia, Serbia, Eastern Question, Balkan peoples, Independence.

Авторлар туралы мәлімет:

Абдукадыров Нұржігіт Момынбекұлы, Ph.D, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану» кафедрасы, Алматы, Қазақстан

Сейдан Замира Сейданқызы, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы, Тараз, Қазақстан

Мырзаханова Назгул Рысбековна, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы, Тараз, Қазақстан

Сведения об авторах:

Абдукадыров Нуржигит Момынбекович, Ph.D, ассоц.профессор кафедры «Всемирной истории, историографии и источниковедения» Казахского Национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Сейдан Замира Сейдановна, старший преподаватель кафедры «История» Таразского государственного университета имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

Мырзаханова Назгуль Рысбековна, старший преподаватель кафедры «История» Таразского государственного университета имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

Information about authors:

Abdukadyrov Nurzhigit Momyrbekovich, Ph.D., Associate Professor of the Department of World History, Historiography and Source Studies, al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan

Seydan Zamira Seidanovna, Senior Lecturer of the Department of History, M.Kh. Dulati Taraz State University, Taraz, Kazakhstan

Myrzakhanova Nazgul Rysbekovna, Senior Lecturer of the Department of History, M.Kh. Dulati Taraz State University, Taraz, Kazakhstan